



Ресейдің қалмауының соғысты тоқтату мүмкін емес

5-бет



Сапалы тұқым сан соқтырады

6-бет



Кәсіпкерлік дамымаса, ауыл түзелмейді

8-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

Жүз жылдық жылнама

№48 (30277) 11 НАУРЫЗ, ЖҰМА 2022 ЖЫЛ

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Қазақстандық өндірушілерді қолдау маңызды



Суретті түсіреді: А.ДҮСЕНБЕК, ФОТОБЕКО

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордада брондалған дөңгелекті техника шығаратын және жанартатын «Қазақстан Парамунт Инжиниринг» зауытын аралап көрді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Президентке отандық брондалған дөңгелекті машина шығару үдерісі көрсетілді және қазақстандық қорғаныс-өнеркәсіп кәсіпорны

өнімдерінің көрмесі таныстырылды. Мемлекет басшысына компанияның жұмысы мен отандық қорғаныс-өнеркәсіп

кешенінің жағдайы жөнінде мәлімет берілді. Зауытты аралап шыққан Қасым-Жомарт Тоқаев аталған саланы дамытудың перспективті бағыттарын айқындап берді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы отандық өндірушілерді қолдау қажет екенін атап өтіп, шығаратын өнімдерді техникалық тұрғыдан заман талабына сай жанартуға шақырды.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісімді ратификациялау туралы

2017 жылғы 11 қыркүйекте Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 10 наурыз  
№108-VII ҚРЗ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІМІ Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2022 жылғы 16 наурызда сағат 11-де Нұр-Сұлтан қаласында шақырылсын.

Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы  
Е.ҚОШАНОВ

Нұр-Сұлтан қ., Парламент Мәжілісі 10 наурыз 2022 ж.  
№16

### ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

## Отандық ғылымның отын жаққан

Осыдан 4 жыл бұрын ғана Cell Stem Cell ғылыми журналы қызықты зерттеудің қорытындысын жариялады. Зерттеуге әлемнің 500 ғылыми институты қатысты. Онда әлемдік ғылымдағы әйелдердің үлесі зерттеліп, нәтижесі көңіл қонштытайтын көрсетілген. Ал Қазақстанда қалай?

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

#### Сандарды сөйлеткен зерттеулер

Әйгілі BBC жоғарыда аталған ғылыми зерттеу жөніндегі материалына «Гендерлік

тендік: әйел-ғылымдарға жоғарыда орын жоқ» деп тақырып «танытты». Мұндай ой айтуға негіз болған зерттеуге әлемнің 38 елінен 541 университет пен ғылыми институт ұсынған деректер зерделенген. Зерттеу қорытындысы доценттердің – 42, профессорлардың 23 пайызын әйелдер құрайтынын көрсетті.

(Соңы 9-бетте)

### ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРДЫ: НӘТИЖЕ ҚАНДАЙ?

## Жайық қайта толса арнасына...

Сай-саланы суға толтырып, кең жазиралы даланы бусандырар тағы бір көктем келді. Адамзат та, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрі де бұл көктемнен үміт күтеді.

Жолдасбек  
КӨШЕРБАЙҰЛЫ,  
«Egemen Qazaqstan»

Жайық өзенінде қалыптасып отырған түйінді мәселе Қазақстан мен Ресей президенттерінің кездесулерінде үнемі

талқыланып келеді. Президенттер деңгейіндегі талқылаулар былтырғы қыркүйекте Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастығының XXVII форумында да талқыға түсті. Кейін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы желтоқсанда Мәскеуге

барған сапарында да осы мәселеге ерекше назар аударды. Бұдан соң екі елдің Премьер-Министрлері 2021 жылғы желтоқсанда Мәскеу қаласында, тіпті жақында өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысында да Жайық трансшекаралық өзенінің бассейні бойынша бірлескен жұмыстарды жалғастыру қажеттігіне уағдаласты.

(Соңы 13-бетте)



## Құттықтау жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасының жаңадан сайланған Президентін құттықтады, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.



Қасым-Жомарт Тоқаев Юн Сок Ёлді Корея Республикасының Президенті лауазымына сайлануымен құттықтап, елінің өркендеуі жолында табысты қызмет етуіне тілектестік білдірді.

– Еліңіздің баянды өркендеуін жалғастыруға, дүниежүзілік қауымдастықтағы беделін асқақтатуға бағытталған игі істеріңіз бен тың бастамаларыңыз әрдайым табысты болуына тілектеспін. Қазақстан

мен Корея арасындағы дәстүрлі достық пен өзара қолдау рухында дамып жатқан кеңейтілген стратегиялық серіктестігімізді бүгіннен де биік белестерге көтеру мақсатында Сізбен күш-жігер жұмылдыруға дайын екенімді растаймын, – деп жазылған құттықтау хатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Юн Сок Ёлдің аса жауапты қызметіне лайым сәттілік және достас корей халқына толассыз құтбереке тіледі.

### ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

## Баянды Ел құрмақ керек

Менің түсінігімде Жаңа Қазақстан – баянды ел, мемлекет құру. Себебі өмірдегі баяндылық орнықтылық пен тұрақтылықты, тиянақтылық пен тыңғылықты, тұрлаулықты аңартады. Ол сонымен қатар нәтижелілік, жемістілік, игілікті білдіреді және ең маңыздысы, бұл – осылардың бәрінің ұзағынан болуын көздейтін терең философиялық мәні бар ұғым. Ендеше, қазақ жұртының алдында ауқымды мүдделі меже-міндеттердің тұрғаны айдай аян.

Демек, Қазақстан осы міндеттерді шешу үшін өте күрделі, күрмеуі қиын кедергілерді де бір мезгілде еңсеруі керек. Біздің қасіретіміз – өз уақытында істелмеген жұмысты немесе шала атқарылып, нақты нәтиже бермей, оған бөлінген қаржыны құмға құйған судай етіп, қолды қылып, болашақ ұрпақтың несібесіне ауыз салғанымызда. Бұл жағдай елімізде ұрпақтар алмасуы болып жатқан шақта орын алуы жағдайды қиындатуы әбден ықтимал. Осындай дәуірлік өзгерістердің қоғамның әлеуметтік жіктелуімен, идеологиялық бос кеңістік пен өткенге деген нигилистік көзқарастың күшеюімен тұспа-тұс келуі қиындық тудыруы ықтимал. Бұл бүгін ғана пайда болған мәселе емес, ол жылдар бойына жинақтала келе, тамыры тереңге кеткен проблемаға айналды. Экономикалық көрсеткіштердің

көпшілігінің төмендеуі, адамдардың табыстарын кемітіп, тұрмыс жағдайының нашарлауы мен кедейшілікке әкеліп соқты. Осылайша, тұрғындардың бойына үмітсіздік сезімі ұялай бастады. Ал мемлекеттік органдар болса, өз жұмысының тиімділігін төмендетіп, алдарында тұрған жоспарлары мен бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз етуге, нақты нәтижелерге қол жеткізуге дәрменсіз болып шықты. Әлеуметтік-экономикалық салада жалпы өнімнің ақшаға шаққандағы көлемі мен оның сандық көрсеткіштеріне басымдық беріліп, «сапа» деген ұғымның құны түсіп кетті. Мемлекет туындаған ахуал мен проблемалардың алдын алуға ынталы да болмады, жауапкершілікті де өз мойнына алмады.

(Соңы 4-бетте)